ТАЛАПКЕР-2018

# Жас түлек, дұрыс таңдау жаса!

Қымбатты білім қуған арманшыл жастар! С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті - сапалы кадр дайындайтын бірден-бір беделді оқу орны. Университетте аграрлық сала мамандықтарымен қатар, қазіргі заманға сай - «Маркетинг» мамандығы да бар. Маркетолог мамандарын дайындайтын «Маркетинг және сервис» кафедрасының түлектері сапалы білім мен нарықтық білім беру шеңберінде сұранысқа ие болғандықтан, қазіргі таңда еліміздің түрлі саладағы мемлекеттік немесе ұлттық үлкен компанияларында сұранысқа ие мамандар. Нарық пен тұтынушының талаптарына сәйкес қызметті жүзеге асыратын мамандық-жаңа мүмкіндіктерді саралап, үнемі нарық қажеттілігін зерттеп отырады. Оқу бітіргеннен кейін маркетолог маман белгілі бір компанияларда тұтынушы талаптары мен қатар бәсекелестердің күшті және әлсіз жақтарын зерттеп, жарнамалаудың түрлі формаларымен жұмыс атқарады. Жарнама болған жерде-нарық бар, ол болған жерде сапалы тауар мен талғампаз тұтынушының талабы орындалары хақ. Теория мен қатар тәжірибе жүзінде ілім-білім үйрететін университеттің білікті оқытушылары, аталмыш мамандықты тереңдетіп оқыту мақсатында шетелдегі әлемнің жетекші оқу орындарымен де тығыз байланыста. Демек, бүгінгі жас түлектің болашақта шетелдерге барып тәжірибе алуына жағдай жасалған. Қазіргі таңда әлемнің 30 елінің университеті С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті серіктестері болып табылады.

Көптеген көрнекті ғалымдар дәріс беретін университетте оқытушылар құрамы жыл сайын білімд де білікті, тәжірибелі мамандармен толығып келед Университеттің материалдық-техникалық, оқыту әдістемелік қоры бай және мүмкіндіктері зор. Бұл - сапалы білімнің негізі!

Дұрыс мамандық таңдау - өмір жолын қай салаға қандай бағытқа бұратынын анықтайтын дара жол Нарық заманына сай келетін заманауи мамандь алып, ата-ананың үмітін ақтау - көзі ашық, көкірег ояу әрбір жастың арманы. Ал, сапалы білім беріп саналы студентті дайын, білімді маман етіп дайында «Маркетинг және сервис» кафедрасында дұрыс жолға қойылған. Университетте білім алуға барлық жағдай жасалған.

Гаджеттер арқылы ақпарат әлемін меңгерген жастар үшін қазіргі заманға сай, болашағы бар мамандық, ол - маркетинг! Сапалы білім мен сұранысқа ие маман тәрбиелеу заман талабы.

Жас дос! Үлкен өмірге қанат қағып барасың Қанатың талмасын, білімің шыңдалсын! Сені студенттік өмірді қызықты өткізіп, абыройлы маман болуға шақырамыз!

**Базархан РУСТЕМБАЕВ**
**С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Маркетинг және сервис» кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымдарының докторы, профессор, академик, білім және ғылым саласының еңбек сіңірген қайраткері, Жуалы ауданының Құрметті азаматы**